

**ҚР ҰЭМ СК СҚО Статистика  
департаментінің басшысы  
М.Р. Нұржауыповаға**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері бойынша  
талдамалық анықтама**

2019 жылғы «9» желтоқсан

СҚО Статистика департаменті басшысының 2019 жылғы 28 қарашадағы №79 бұйрығы негізінде ҚР ҰЭМ СК СҚО Статистика департаменті (бұдан әрі - Департамент) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Талдау объекті – Департаменттің құрылымдық бөлімшелері.

Талданатын кезең: 2019 жылғы 1 шілдеден 28 қарашаға дейін.

Талдау өткізу кезеңі: 2019 жылғы 29 қарашадан 9 желтоқсанға дейін.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің 2017 жылғы 1 наурыздағы №37 бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне келесі бағыттар бойынша талдау өткізілді:

### **1. Қызметті реттейтін заңнаманы зерделеу**

Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, конституциялық заңдарды, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің заңдарын, актілерін, басқа да нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасының сапа саласындағы мемлекеттік стандарттарын (ҚР СТ ИСО 9001-2016, ҚР СТ ИСО 9000-2007, ҚР СТ ИСО 19011), Департамент туралы ережені және басқа ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

Статистикалық әдіснамаға сәйкес еңбек бойынша статистикалық нысандар (1-Т (тоқсандық, жылдық), 1-Т (еңбек жағдайы), 1-Т (бос жұмыс орны), 2-Т (еңбекақы)) өзінің орналасқан жері бойынша заңды тұлғаның құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, оларға заңды тұлғаның статистикалық нысанды тапсыру бойынша уәкілеттігі берілген жағдайда тапсырады (*ҚР ҰЭМ Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы №4 бұйрығына қосымшалар*). Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшелердің мұндай уәкілеттіктері болмаған жағдайда статистикалық нысанды олардың орналасқан жерін көрсете отырып, өзінің құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері бөлінісінде заңды тұлға ұсынады.

Ұқсас нормалар ҚР Статистика агенттігі төрағасының 2010ж.09.07 №173 бұйрығымен бекітілген Респондеттермен алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 10-тармағында да бар.

ҚР қолданыстағы заңнама нормаларында «құрылымдық бөлімше» терминінің түсіндірмесі жоқ. Осыған байланысты облыстың бірнеше ауданы аумағында құрылымдық бөлімшелері бар бірқатар респонденттер мемлекеттік статистика органдарының құрылымдық бөлімшелер бөлінісінде деректер ұсынуды талап етуге құқықтық негіздері жоқ деген позициясын ұстанады.

Атап айтқанда, «СОТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭТК» АҚ (БСН 990140000196, КМЖ 311) өз құрылымдық бөлімшелерінің бөлінісінде еңбек статистикасы бойынша алғашқы статистикалық деректерді АҚ-ның құрылымында филиалдар мен өкілдіктер жоқ, ал «құрылымдық бөлімше» түсінігі құқықтық актілерде ашылмаған деп негіздеп, ұсынудан бас тартады (2019ж.07.10 №ПС-31-02-4025 хаты).

Сонымен, Қағидалар мен статистикалық әдіснамада құқықтық актілерді еркін түсіндіруге мүмкіндік беретін нормалар бар.

Сонымен бірге, ҚР Азаматтық кодексінің 43-бабымен «өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелер» түсінігі қарастырылған - заңды тұлғаның функцияларының бір бөлігін орындайтын, өзінің орналасқан жері бойынша стационарлық жұмыс орындары жабдықталған заңды тұлғаның аумақтық оқшауланған бөлімшесі.

#### **Ұсыным:**

ҚР ҰЭМ Статистика комитетіне Қағидалар мен статистика салалары бойынша статистикалық әдіснамаға мәтін бойынша «заңды тұлғаның құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері» сөздерін **«заңды тұлғаның филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері»** деп ауыстырып, өзгерістер енгізу туралы ұсыныс жолдау.

## **2. Персоналды басқару бойынша қызметті зерделеу**

Бұл бағыт бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

2019 жылдың 2 жартыжылдығында Еңбек және үй шаруашылықтарын зерттеу статистикасы басқармасының 2 қызметкері және Статистикалық ақпаратты пайдаланушылармен жұмыс басқармасының 1 қызметкері негізгі қызметкер шығыуына байланысты жұмыстан босатылды; Әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасының 1 қызметкері зейнеткерлік жасқа толуына байланысты; Баға статистикасы басқармасының 1 қызметкері басқа мемлекеттік лауазымды атқаруға байланысты; Құрылымдық статистика басқармасының 1 қызметкері, Ақжар ауданы статистика басқармасының 1 қызметкері, Ғ.Мүсірепов атын. ауданы статистика басқармасының 1 қызметкері, Шал ақын ауданы статистика басқармасының 1 қызметкері өз еркімен жұмыстан босатылды.

ҚР ҰЭМ Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 148 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Стандартын департамент қызметкерлерімен бұзу фактілері, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қабылданған шектеулері мен тыйым салуларын бұзу фактілері анықталған жоқ.

2019 жылғы шілде-қараша кезеңінде мемлекеттік сатып алудың өткізілуіне талдау жасау барысында жоспарланған сома 3 561 228,15 теңгені құрайды, оның 3 430 239,18 теңгесі немесе 96,3%-ы игерілді.

Талданып отырған кезеңде мемлекеттік сатып алу мынадай тәсілдермен жүзеге асырылды: баға ұсыныстарын сұрату – 50 хабарландыру, бір көзден тікелей шарт жасау арқылы - 43 шарт (олардың ішінде 5 ҚР «Мемлекеттік сатып алулар туралы» заңының 39-бабы 3-тармағы 42-тармақшасы бойынша – 5, 39-баптың 3-тармағы 1, 27-тармақшалары бойынша - 38) жасалынды.

Департаменттің лауазымды тұлғаларының мемлекеттік сатып алулардағы әлеуетті өнім берушілермен/жеткізушілермен үлестес болуы анықталмады.

### **3. Бақылау функцияларын іске асыру бойынша қызметті зерделеу**

Осы бағыт бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

#### ***Респонденттерге қатысты профилактикалық бақылау***

Ү.ж. 2 жартыжылдықтың өткен кезеңінде респонденттерге бармай профилактикалық бақылау өткізу шеңберінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы 4214 қорытынды жолданған, олардың ішінде 2423 қорытынды бойынша бұзушылықтар белгіленген мерзім ішінде жойылған.

Жолдау тәсілі бойынша 917 қорытынды пошта байланысы арқылы, 2005 - респонденттердің электрондық мекенжайларына жолданды, 1292 - қолға берілді.

#### ***Әкімшілік дереккөздерге қатысты профилактикалық бақылау***

Әкімшілік дереккөздерге бармай профилактикалық бақылау өткізу шеңберінде тұрақты негізде ақпараттың ресми дереккөздерінің мониторингі жүзеге асырылады.

2019ж.01.07 мен 2019ж.04.12 кезеңінде жергілікті мемлекеттік органдардың 229 сайтына мониторинг өткізілді.

Телефон байланысымен қамтамасыз етілу және ауылдық округтар бойынша 100 тұрғынға есептегенде телефондандырудың тығыздығы бойынша деректерді жинау бойынша бұзушылық анықталды (анықталған бұзушылық туралы 2019ж.08.08 №1 қорытындысы). Бұзушылық жойылған, әкімшілік деректерді жинау тоқтатылды («Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ 2019ж.15.08. № 256-7-11.1-18 хаты).

#### ***Нұсқаманың орындалуын бақылау***

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты» КММ қатысты бару арқылы профилактикалық бақылау өткізу қорытындысы бойынша Департаментпен жасалған 2019ж.18.03 №1 Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға сәйкес анықталған бұзушылықтар бойынша келесі жұмыс өткізілді:

1. Нұсқаманың 1.2-тармағы бойынша «СҚО әкімдігінің энергетика және ТКШ басқармасы» КММ әкімшілік деректерді жинау тоқтатылды («СҚО әкімдігінің энергетика және ТКШ басқармасы» КММ 2019ж.25.09 №30.6-18/1365 хаты).

2. Нұсқаманың 1.1, 2 – тармақтары бойынша СҚО әкімдігінің қаулылары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетімен келісу рәсімінен өтті (Субсидиялау қағидаларын бекіту бойынша 2019ж.14.11 шығыс № ПИ-36684, Субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесін бекіту бойынша 2019ж.13.11 шығыс № ПИ-36686). Қазіргі уақытта НҚА әділет органдарында келісуде.

Нұсқаманың орындалуы бақылауда тұр. Ағымдағы жыл аяғына дейін әкімшілік дереккөз жоғары аталған НҚА-ның әділет органдарында тіркеу рәсімін аяқтамаған жағдайда департамент 2020 жылдың бірінші жартыжылдығына жоспардан тыс тексеруге бастамашылық жасайды.

Құқықтық статистика органдарымен Тексерулердің бірыңғай жүйесіндегі деректер бойынша салыстыру тоқсан сайынғы негізде жүргізіледі. Ү.ж. 3 тоқсандағы салыстыру актісі 2019ж.25.09 №03-13/2013 хатымен жолданды.

Ү.ж. екінші жартыжылдықта әкімшілік дереккөздерге бару арқылы профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексерулер өткізілмеген.

Ү.ж. 2 жартыжылдықтың өткен кезеңінде әкімшілік жауапкершілікке 42 респондент тартылды, олардың ішінен 3 - ескерту түрінде, 39 - әкімшілік айыппұл. Салынған айыппұлдардың сомасы 1002425 теңгені құрады, одан 552975 теңге өндіріп алынды.

Құқықтық статистика органдарымен Әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірыңғай тізілімінің деректері бойынша салыстыру тоқсан сайынғы негізде жүргізіледі. Ү.ж. 3 тоқсандағы салыстыру актісі 2019ж.10.10 №03-13/2130 хатымен жолданды.

Әкімшілік жауапкершілікке тартудың ескіру мерзімінің өтуіне байланысты 2 материал тоқтатылды.

Материалдардың мәжбүрлі тәртіпте орындауға уақытылы бермеу фактілері анықталмаған. Атқарушылық іс жүргізу органдарымен салыстыру тоқсан сайынғы негізде жүргізіледі. Ү.ж. 3 тоқсандағы салыстыру актісі 2019ж.08.10 №03-13/2121 хатымен жолданды.

Ү.ж. 31 қазанда Департамент басшысымен ҚР ҰЭМ СК СҚО Статистика департаменті Заң басқармасының салалық және аудандық басқармалармен респонденттерге бармай профилактикалық бақылау жүргізу және құқық бұзушылар қатысында ары қарай әкімшілік тәжірибе кезінде өзара әрекеттесу Актісі бекітілген.

Респонденттермен алғашқы статистикалық деректерді ұсыну тәртібін бұзу фактілерін алдын алу мақсатында мемлекеттік статистика саласындағы заңнама бойынша тұрақты негізде түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Ү.ж. 2 жартыжылдығында бұзушылықты жою мерзімін есептеу бойынша түсініктеме 8370 респонденттің электронды поштасына жіберілді, аудандық маңыздағы баспа басылымдарында және Департаменттің интернет-ресурсында жарияланды.

**Заң басқармасының  
басшысы**

**Ж. Нұрғалиева**